

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/NNJV2769>**Қ. Р. Кемеңгер¹, *А. Жұмабекқызы²**^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0691-4527>²ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-8495-4744>*e-mail: sarieva_azh@mail.ru

ҚАЗАҚ-ТҮРІК ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСЫ: ГЕНЕТИКАЛЫҚ, ТИПОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК САБАҚТАСТЫҒЫ

Қазақ және түрік әдеби байланысы – түркі халықтары арасындағы рухани үндестіктің маңызды көрінісі. Ортақ әдеби мұраларды жаңаша пайымдау мен насихаттау екі халықтың мәдени жадысын жаңғыртуға себепкер болады. Бұл әдеби ықпалдастық түркі халықтарының көркем мұрасын жан-жақты саралап, ортақ рухани кеңістіктің кеңеюіне ықпал етеді.

Мақалада қазақ пен түрік әдебиеттерінің тарихи өзара байланысы, әдеби бағыттарындағы (реализм, модернизм, т.б.) ұқсастықтары, қаламгерлер шығармашылығындағы үндестіктер мен қазіргі заманғы әдеби ынтымақтастықтар талданады. Зерттеуде тарихи-салыстырмалы және типологиялық талдау әдістері қолданылып, екі халықтың әдеби дамуы барысындағы ортақ сарындар анықталады. Әсіресе XX ғасырдағы модернистік бағыттағы шығармаларда екі ел авторларының дәстүрлі формадан алыстап, кейіпкерлердің ішкі әлемін терең бейнелеудегі ортақ ұстанымдары байқалады. Сондай-ақ кеңестік кезеңдегі әдеби байланыстар (аудармалар, антологиялар) мен тәуелсіздік кезеңіндегі аударма, баспа ісі және ортақ мәдени жобалар арқылы жүзеге асып жатқан қазіргі әдеби ықпалдастықтар сипатталады. Зерттеу нәтижесінде қазақ-түрік әдеби байланысының үздіксіз дамып, өзара байытылып отырғаны көрсетіледі. Аталған бағыттағы зерттеулер түркітілдес елдер арасындағы әдеби, мәдени және тарихи байланыстарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: қазақ әдебиеті, түрік әдебиеті, әдеби байланыс, тақырыптық ұқсастықтар, аударма, әдеби ықпалдастық.

Кіріспе

Қазақ және түрік халықтары – тарихи тамыры ортақ түркі әлемінің құрамдас бөліктері. Сондықтан екі елдің әдебиеті көне дәуірлерден бері рухани жақындастық пен өзара ықпал негізінде дамып келеді. Әдеби байланыстың түрлі халықтардың мәдениеттерін жақындастырып, рухани қарым-қатынасты нығайтатыны белгілі. Әлемдік әдеби үдерісте әрбір ұлттық әдебиет басқа халықтар әдебиетімен жанасу, алмасу арқылы жаңаша өсіп-өркендейді. Белгілі шығыстанушы ғалым Н. И. Конрад ұлттық әдебиеттің даму факторларының бірі өзге әдебиеттермен өзара байланыста болу екендігін ерекше атап өткен. Қазақ әдебиеті де әлемдік өркениет тәжірибесін игере отырып, өз болмысын байытқан.

Тарихи тұрғыдан алғанда, қазақ және түрік әдебиеттерінің негізінде ортақ түркілік мұра жатыр. Орта ғасырларда өмір сүрген Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Ясауи сынды ойшыл-ақындардың еңбектері бүкіл түркі дүниесіне ортақ әдеби қазына болды. Мысалы, Ясауидің хикметтері түркі сопылық поэзиясының негізін қалап, Анадолыдағы сопылық әдебиеттің қалыптасуына рухани әсер етті. Екі халықтың фольклорлық жәдігерлері де өзара ұқсас: қазақтың батырлық жырлары мен түріктің оғыз эпосы («Қорқыт ата кітабы») сарындық жағынан жақын болып, кейінгі жазба әдебиетінде ортақ рухани тақырыптардың бастауына айналды.

Қазақ-түрік әдеби байланыстары әсіресе XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында айрықша сипат алды. Бұл кезеңде қазақ және түрік зиялыларының арасында рухани үндестік орнады. Бұл ықпалдастық олардың ағартушылық және азаттық идеяларынан айқын көрініс тапты. Түркиядағы саяси оқиғалар қазақ ақындарына әсер етіп, соның ықпалы өлең туындыларының жазылуына ықпал етті. Мәселен, қазақ ақыны Мағжан Жұмабай 1915 жылы Түркияда болған Чанақкале шайқасына арнап «Алыстағы бауырыма» атты өлеңін жазып, туыс түрік халқын намыс пен бірлікке үндеді [1]. Ақынның осымен ғана шектеліп қоймай, қазақ байларын қатыстырып түріктерге қаражат жиып көмектескені тарихтан белгілі. Осындай бауырмал ықылас нәтижесінде түрік ағайындар Мағжанды ерекше қадірлейді, 2018 жылы Түркі әлемінде «Мағжан Жұмабай жылы» жарияланып, Түркия төрінде ақынның құрметіне іс-шаралар өтті.

Әдеби өзара ықпалдастық түрлі халықтардың өнерін жақындастырып, әрқайсысының дамуына оң әсер ететіні туралы зерттеушілер еңбек жазған. Мысалы, әдебиеттанушы ғалым Ш. Сатбаева ұлттық әдебиеттердің өсіп-өркендеуінің бір факторы өзге жұрттың ең үздік шығармаларын игеру

екенін атап көрсеткен [2, 223-6.]. Әдеби байланыстар халықтар арасындағы рухани түсіністік пен ынтымақтастықты нығайтады. Қазақ пен түрік әдеби байланыстарының сан ғасырлық терең тарихы мен мазмұны бар екенін соңғы зерттеулер айқындай түсуде. Қазақ елінде тәуелсіздік орнағаннан кейінгі кезеңде туысқан халықтардың қайта жақындасуына кең жол ашылды [3, 108-6.]. Қазақ-түрік әдеби байланыстарын жүйелі әрі жан-жақты зерттеу – ортақ рухани мұраны тану әрі халықтардың өзара сыйластығын арттыру үшін жасалатын маңызды қадам болады деп санаймыз.

Материалдар мен әдістері

Зерттеудің теориялық негізінде әдебиеттер арасындағы байланыстарды типологиялық тұрғыдан қарастыру қағидаты басшылыққа алынды. Әдебиеттануда түрлі әдебиеттердің өзара әрекеттестігі генетикалық, контактілі және типологиялық байланыстар түрінде қарастырылды. Генетикалық байланыс ортақ тарихи бастаулар мен түптамырлардан тарайтын туыстықты білдірсе, контактілі (өзара ықпалды) байланыс тікелей қарым-қатынас, аударма мен алмасу үдерістерінен көрінеді. Ал типологиялық ұқсастықтар әр әдебиеттің ұқсас тарихи-әлеуметтік жағдайларына байланысты дербес түрде пайда болатын ортақ белгілерді аңғартады. Мақалада осы әдістемелік ұстанымдар негізінде қазақ және түрік әдебиеттерінің байланысы жан-жақты талданды.

Зерттеу әдістері ретінде салыстырмалы-тарихи талдау, сипаттамалы әдіс және мазмұнды құрылымдық талдау қолданылды. Алдымен, әдеби-тарихи дереккөздер арқылы қазақ-түрік әдеби байланысының қалыптасу кезеңдері қарастырылып, нақты мысалдармен дәйектелді. Екі әдебиеттегі ортақ тақырыптар мен идеялар салыстырмалы түрде талданып, бір-біріне әсері мен ықпал ету сипаты бағаланды. Сондай-ақ, тақырып бойынша ғылыми еңбектер негізге алынып, олардағы тұжырымды ойлар жаңаша түйін жасауға пайдаланылды. Зерттеудің эмпирикалық негізін қазақ және түрік авторларының көркем шығармалары мен аударма материалдары, әдеби сын мақалалары құрады. Бар деректер жүйеленіп, талдау барысында салыстыру тәсілі қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ және түрік әдебиеттерінің түп тамыры ортақ болғанымен, геосаяси жағдайлар олардың даму жолында ерекшеліктер тудырған. Дегенмен, тарихи кезеңдердің өзінде екі елдің сөз өнері жанама не тікелей түрде болса да өзара ықпал алысып тұрды. XVI–XIX ғасырларда Осман империясы дәуірлеген тұста түрік әдебиеті шығыстық (парсы-шағатай) және батыстық ықпалдарды бойына сіңірсе, қазақ әдебиеті сол кезеңде негізінен шығыс (шағатай, татар) үлгілері мен халық ауыз әдебиеті арнасында дамыды. XIX ғасырдың соңында қазақ даласында жаңашыл жазба әдебиет қалыптаса бастағанда,

оған татар арқылы жеткен түрік, шығыс әдебиетінің әсері болды. Айталық, Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбайұлының еңбектерінде шығыстық мотивтермен қатар, ішінара османлы әдебиетінің де әсерін тануға болады (мысалы Абайдың шығыс поэзиясынан алынған сюжеттері, «Әзім әңгімесі»).

XX ғасырдың басында қазақ және түрік әдебиеттері арасында тақырыптық және идеялық үндестік күшейді. Бұл кезеңде екі халық та ұлттық азаттық пен жаңғыру идеяларын көтергендіктен, олардың әдебиетінде ұқсас бейнелер мен пафос пайда болды. Түркияда Мехмет Акиф Ерсой, Намық Кемал сынды ақын-жазушылар отаншылдық рухтағы шығармалар жазса, қазақ жерінде Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабайұлы сынды алаш ақындары ұлт-азаттық тақырыбын көтерді. Мәселен, Міржақып Дулатұлының 1909 жылы жарық көрген «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағы қазақ халқына ұлт ретінде оянуға үндесе, Түркияда Намық Кемалдың өлеңдері мен публицистикасы түрік жұртының тәуелсіздік рухын серпілтті. Бұл өзекті рухани жақындық екі ел әдебиетінің идеялық бағытын жақындастырды.

Сонымен қатар, осы кезеңдегі кейбір қаламгерлер шығармашылығында тікелей үндестіктер де байқалады. Түрік жазушысы Мемдух Шевкет Эсендал (1883–1952) – XX ғасыр басында түрік әңгіме жанрын жаңа деңгейге көтерген белгілі қаламгер. Оның шағын прозасы қоғам өмірінің бір үзіндісін шынайы суреттеумен ерекшеленді. Ғалымдар Эсендал әңгімелерінің композициялық құрылымы мен жанрлық табиғаты қазақтың әйгілі жазушысы Бейімбет Майлиннің әңгіме стилімен үндесетінін атап көрсетеді [4, 16]. Шығарма тақырыптары тұрғысынан да Эсендал қозғаған әлеуметтік мәселелер қазақ қаламгерлері Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов көтерген ой-толғамдармен сарындас келеді. Бұл мысал қазақ және түрік жазушыларының бір дәуірде ұқсас көркемдік ізденістерге барғанын дәлелдейді. Яғни, екі әдебиетте де реализм бағытында қоғамның шынайы келбетін ашып көрсетуге, жаңа жанрлық формаларды игеруге ұмтылыс қатар жүрген.

XX ғасыр – қазақ және түрік әдебиеттерінің қарқынды жаңару және өзара ықпалдасу дәуірі. Әсіресе осы кезеңде әлемдік әдеби үрдістердің әсерімен екі елде де модернизм ағымы пайда болып, дамыды. Қазақ және түрік әдебиеттері тарихи, мәдени байланыстарға ие болғандықтан, олардың дамуы да белгілі деңгейде өзара үндесті. Әдебиеттегі модернистік бағытта екі елдің шығармашылық ұстанымдары ортақ сипаттарға ие болып, әсіресе XX ғасырда айқын көрініс тапты [5, 67-6.]. Бұл кезеңде қазақ пен түрік авторлары дәстүрлі баяндау тәсілінен алшақтап, адамның ішкі жан дүниесін терең талдауға, рухани дағдарысын көрсетуге ден қойды. Түрік әдебиетінде Ахмет Хамди Танпынар, Оғуз Атай сынды жазушылар модернизмнің жарқын өкілдері саналды; ал қазақ топырағында модернистік ойларды Мағжан Жұмабайұлы,

Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов сынды қаламгерлер өз туындыларында бейнеледі. Мысалы, Ахмет Хамди Танпынардың «Nuzur» («Тыныштық», 1949) романы түрік қоғамындағы дәстүр мен жаңашылдықтың қақтығысын психологиялық деңгейде суреттесе, Мағжан Жұмабайұлының «Шолпанның күнәсі» (1922) әңгімесі қазақ әдебиетінде адамның ішкі күйзелісі мен рухани ізденісін ашып көрсеткен алғашқы модернистік туындылардың бірі болды. Сондай-ақ, Түркиядағы Оғуз Атайдың «Tutunamayanlar» («Адасқандар», 1971) романы мен Қазақстандағы Мұхтар Әуезовтің «Көксерек» повесі (1929) арқылы адам мен қоғамның жаңа байланысы, тұлғаның оқшаулануы мен жалғыздығы сияқты мотивтер ортақ сипатта сомдалды [5, 70-б.]. Мұндай үндестіктер екі әдебиеттің де әлемдік әдеби ағымдарға ілесіп отырып, ұлттық болмысында жаңашыл бағыттарға жол ашқанын көрсетеді.

Кеңестік дәуірде қазақ әдебиеті идеологиялық цензураға ұшырап, Түркиямен тікелей байланыс әлсірегенімен, әдеби алмасулар мүлдем тоқтап қалған жоқ. Керісінше, сол заманда аударма арқылы екі ел оқырмандары бір-бірінің әдебиетін тануға мүмкіндік алды. Мәселен, 1958 жылы Ташкентте өткен Азия-Африка жазушыларының тұңғыш конференциясына Түркияның атақты ақыны Назым Хикмет арнайы қатысса, 1973 жылы түрік жазушысы Азиз Несин Азия-Африка жазушылары қауымдастығының «Лотос» сыйлығын алып, Кеңестер Одағында танымал болды [6]. 1960–70 жылдары Мәскеу және Алматы баспаларынан түрік әдебиеті туындылары аударылып, жарық көрді. 1959 жылы Мәскеуде Н. Айзенштейн құрастырған «Түрік жазушыларының әңгімелері» жинағы, 1962 жылы «Біздің көше» атты түрік новеллаларының жинағы басылды. 1968 жылы қазақ тілінде «Замана тынысы» атты түрік сатиралық әңгімелер жинағы жарық көрді (құрастырған А. А. Бабаев). 1975 жылы Алматыда «Заманауи түрік поэзиясы» антологиясы, 1978 жылы «Ежелгі түрік поэзиясы» жинағы (құрастырған И. И. Боролина, алғы сөзін жазған Олжас Сүлейменов) жарық көрді [7]. Бұл аударма жинақтар қазақ оқырмандарына Фазыл Хүсню Дағларжа, Октай Рифат, Азиз Несин сияқты түрік ақын-жазушыларын таныстырды. Өз кезегінде, Түркияда да кеңестік кезеңде қазақ әдебиеті белгілі дәрежеде танылды: 1980 жылдары Түркияда Мұхтар Әуезов, Олжас Сүлейменов сынды авторлардың шығармалары түрік тіліне аударылды (бұл істе әсіресе Әзербайжан арқылы аудармашылар белсенді болды). Жалпы алғанда, кеңестік заманда ресми идеология кедергілеріне қарамастан, қазақ және түрік әдебиеттері жанама жолдармен өзара ықпалдасты.

Тәуелсіздік дәуірінде қазақ-түрік әдеби байланысы жаңа қарқынмен дами бастады. 1991 жылдан кейін Қазақстан мен Түркия арасындағы тікелей мәдени байланыстардың орнауы әдебиетке де игі әсерін тигізді. Екі ел жазушылары бір-бірінің тіліне тікелей аударыла бастады.

1990 жылдардың басында Түркияда қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын таныстыру қолға алынып, Анкара, Стамбұл баспаларынан қазақ әдебиетінің таңдаулы үлгілері жарияланды. Қазақстанда түрік тілінен аударма жасау жолға қойылып, Түркияның белгілі қаламгерлері қазақ оқырмандарына таныстырыла бастады. Мысалы, қазақ тілінде Назым Хикметтің өлеңдері, Орхан Памуктың «Менің атым Қырмызы» романы, Элиф Шафактың «Махаббаттың қырық қағидасы» сияқты туындылары аударылды. Сондай-ақ, қос ел үкіметтерінің қолдауымен әдебиет саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдер жасалды. Қазақстан Жазушылар одағы мен Түркияның Еуразия Жазушылар одағы арасында тығыз шығармашылық байланыс орнап, ортақ жобалар жүзеге асырылуда. Түркия тарапының қолдауымен қазақ әдебиетінің 100-ден астам ақын-жазушысының шығармалары түрік тіліне тәржімаланды [8, 257-б.]. Стамбұл, Анкара қалаларында Абай, Жамбыл, Мағжан сынды қазақ қаламгерлерінің құрметіне ескерткіштер орнатылып, оқу орындарына есімдері берілді. 2018 жылы Түркияның Кастамону қаласы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» болып, сол жылы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерін дәріптеген шаралар өтті (Абай оқулары, Мағжан жылы аясындағы конференциялар, т.б.). Мұның бәрі қазіргі кезеңдегі қазақ-түрік әдеби байланысының жаңа деңгейге көтерілгенінің айғағы.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде қазақ және түрік әдебиеттері арасында тарихи кезеңдерден үзілмей жалғасып келе жатқан терең байланыстар бар екені анықталды. Екі әдебиеттің дамуы үнемі өзара ықпалдасу, сұхбаттасу жағдайында жүрген: бұған ортағасырлық түркі жазба мұраларынан бастап, XX ғасырдағы ұлт-азаттық идеялар, модернистік ағымдарға дейінгі көптеген мысалдар дәлел бола алады. «Қазақ пен түрік әдебиеттері – түбі бір түркі дүниесінің екі ірі рухани арнасы ретінде тарихи кезеңдерде үнемі өзара ықпалдасып, бір-біріне шығармашылық әсер етіп отырған» [9]. Атап айтқанда, қазақ және түрік қаламгерлері реализм, романтизм, модернизм сияқты әдеби бағыттарда ұқсас шығармашылық нәтижелер көрсетіп, кейіпкерлер жүйесі мен тақырып таңдауында ортақтықтар байқатқан. Төменде екі әдебиеттің кейбір тақырыптық ұқсастықтары мен соны көркемдік шешімдері салыстырмалы түрде кесте түрінде ұсынылып отыр (Кесте 1).

I кесте – Қазақ және түрік әдебиетіндегі кейбір тақырыптық ұқсастықтар

Тақырыптық мотив	Қазақ әдебиетіндегі көрінісі	Түрік әдебиетіндегі көрінісі
Азаттық аңсары (Тәуелсіздік үшін күрес рухы)	– Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» (1909) өлеңдер жинағы қазақ халқын оянуға, азаттыққа шақырды. – Мағжан Жұмабайұлының «Түркістан», «Алыстағы бауырыма» сияқты өлеңдерінде түркі халықтарының бірлік-мұраты жырланды.	– Намық Кемал ұлттық рухты оятатын өлеңдерімен («Отанға қаһармандық», т.б.) Османлы қоғамында азаттық идеяларын таратты. – Мехмет Акиф Эрсой «Чанаккале шейіттеріне» (1915) өлеңінде түрік халқының тәуелсіздік күресін жігерлендірді.
Дәстүр мен жаңашылдық қалыптасуы (Қоғамдағы ескі мен жаңаның тартысы)	– Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» (1921) мен «Қилы заман» (1928) повестері дәстүрлі ауыл тіршілігі мен жаңа заман өзгерістері арасындағы қалыптасу бейнелейді – Жүсіпбек Аймауытұлының «Ақбілек» романы (1927) арқылы дәстүрлі түсінік пен әлеуметтік өзгерістің қайшылықтарын көрсетеді.	– Ахмет Хамди Танпынардың «Huzur» («Тыныштық», 1949) романы дәстүрлі османлы мәдениеті мен батысшыл жаңа өмір салтының қалыптасуы кейіпкерлер тағдыры арқылы суреттеледі. – Яшар Кемалдың «Ыстықдала» романы (1955) ауыл дәстүрі мен заманауи өзгерістердің қалыптасуынан туған әлеуметтік шиеленісті ашады.
Рухани ізденіс пен ішкі әлем (Адамның жан дүниесі қалыптасуы)	– Мағжан Жұмабайұлының «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде кейіпкердің ішкі толғанысы мен ар азабы алғаш психологиялық проза деңгейде көрсетілді. – Төлеген Айбергенов, Мұқағали Мақатаев поэзиясында жеке адамның ішкі сезімі, рухани ізденістері терең лирикалық тұрғыда жырланды.	– Огуз Атайдың «Tutunamayanlar» («Адақандар», 1971) романы басты кейіпкердің ішкі күйзелісі мен қоғамнан оқшаулануын интимді-психологиялық мәнерде бейнелейді. – Пейами Сафадның «Жан» («Доктор Живаго» ықпалымен, 1935) романында кейіпкердің рухани ізденісі мен психологиялық өзгерістері суреттеледі.

Тақырыптық мотив	Қазақ әдебиетіндегі көрінісі	Түрік әдебиетіндегі көрінісі
Эпикалық мұра және фольклор әсері (Халықтық эпос пен мифтің әдебиеттегі орны)	– Қазақтың батырлық эпостары («Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», т.б.) жазба әдебиетте мотивтік негіз болды; мысалы, Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы (1936) эпикалық дәстүрмен суарылған туынды. – Кеңес дәуірінде эпостық жырлар тіл, стиль тұрғысынан Ғабит Мүсірепов, Әбіш Кекілбаев шығармашылығында жаңаша пайдаланылады (эпикалық сипат, монологтар).	– «Деде Қорқыт кітабы» Оғыз эпосы ретінде түрік әдебиетінің төл бастауы саналады, оның сюжеттері түрік жазушыларының шығармаларында (мысалы, Әділев Елханның тарихи романдарында) жиі көрініс табады. – Түрік халық ертегілері мен аңыздары заманауи әдебиетте пайдаланылады; Азиз Несиннің сатиралық әңгімелерінде және Орхан Памуктың шығармаларында (мысалы, «Менің атым Қымызы», 1998) дәстүрлі мифологиялық мотивтерге сүйену байқалады.
Қазіргі әдеби ықпалдастықтар (Аудармалар және әдеби шаралар)	– М. Әуезовтің «Абай жолы» романы, О. Сүлейменовтің «Аз и Я» еңбегі, Ш. Мұртазаның «Қызыл жебе» роман-хикаяты тәрізді қазақ әдебиеті классикасы түрік тіліне аударылып, Түркия оқырманына жол тартты. – Түркиядағы қазақ әдебиеті жылы (2019) аясында Абайдың 175 жылдығы кеңінен аталып, Түркияда Абай шығармаларының кештері өтті.	– Орхан Памук, Әзиз Несин, Элиф Шафак, Яшара Кемал сынды түрік жазушыларының таңдаулы шығармалары қазақ тіліне аударылып, Қазақстанда жарық көрді. – Алматыда және Астанада түрік әдебиетінің күндері өткізіліп, түрік ақын-жазушыларын таныстыру, шығармашылық кештер дәстүрлі түрде жүзеге асуда.

Бірінші кестеде келтірілген салыстырмалы талдау нәтижелері қазақ және түрік әдебиеттері көптеген бағыттар бойынша өзара үндесіп, байытушы ықпалдастықта болғанын көрсетеді. Мысалы, екі елдің қаламгерлері де өз шығармаларында ұлт азаттық тақырыбын көтеріп, отаншылдық рухты жырлаған; дәстүр мен жаңашылдықтың тартысын бейнелеп, қоғамның өтпелі кезеңдерін суреттеген; адамның жан дүниесін психологиялық тұрғыда зерттей отырып, рухани ізденіс мәселелерін қозғаған. Сондай-ақ халықтық эпос пен фольклорға сүйену арқылы әдеби туындыларына терең тарихи және мәдени контекст дарытқан. Қазіргі уақытта аударма

жұмыстарын белсенді жүргізу – осы әдеби үндестіктің жалғастығын қамтамасыз етуде. Қазақ әдебиетінің жауһарлары Түркияда танылып, түрік әдебиетінің үздік туындыларының қазақ тілінде сөйлеуі – екі тараптың да әдеби қорын байыта түсуде [10]. Демек, қазақ-түрік әдеби байланысы өткеннен бүгінге дейін үзіліссіз жалғасып, мазмұндық тұрғыда жаңа деңгейге көтеріліп отырғаны айқындалды.

Қорытынды

Қорыта келгенде, қазақ және түрік әдебиеттерінің арасындағы байланыс – ғасырлар бойы жалғасқан мәдени сұхбаттастықтың айқын көрінісі. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бұл әдеби байланыстардың бірнеше қырын ашып көрсетеді.

Біріншіден, тарихи негіздер тұрғысынан алып қарағанда, екі әдебиет ортақ түркілік әдеби мұрадан қуат алып, әр дәуірде өзара рухани байып отырған.

Екіншіден, көркемдік бағыттар мен ағымдар деңгейінде қазақ және түрік қаламгерлері көптеген ұқсас шығармашылық үрдістерді бастан кешкен. Әсіресе XX ғасырда екі ел әдебиетінде реализм мен модернизмнің дамуы параллель жүріп, авторлар ұқсас тақырыптарды меңгергені анықталды (адам жанының күйзелісі, дәстүр мен жаңалықтың тартысы, т.б. ортақ мотивтер). Үшіншіден, қазіргі кезеңде әдеби қарым-қатынас бұрынғыдан да еркін сипат алып, өзара тікелей аударма, бірлескен шаралар, ортақ ғылыми-шығармашылық жобалар арқылы нығая түсуде. Бұл – қазақ-түрік әдеби байланысының жаңа сапалық деңгейі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – қазақ және түрік әдебиеттері арасындағы көпқырлы байланыстарды тарихи және заманауи аспектіде кешенді түрде талдап, олардың тақырыптық, бағыттық ұқсастықтарын жүйелі салыстыру негізінде көрсетуінде. Мақала аясында екі ел әдебиетіндегі үндестіктер салыстырмалы талдау арқылы жинақталып, әдебиеттану ғылымындағы түркі халықтары арасындағы әдеби байланыс мәселесіне жаңаша көзқарас ұсынылды. Сонымен бірге, кең көлемді материалға сүйене отырып, қазақ-түрік әдеби байланысының кезеңдік даму ерекшеліктері ашылды.

Жалпы алғанда, қазақ және түрік әдебиеттері бір-біріне тигізген әсер-ықпалы нәтижесінде байып, жаңашыл сипат алып отырғаны байқалады. Әдеби байланыстар арқасында қазақ жазушылары түрік халқының көркем ой жетістіктерінен үйренсе, түрік қаламгерлері қазақ әдебиетінің идеялық-мазмұндық қазынасынан сусындады. Бұл үрдіс қазіргі жаһандану жағдайында да жалғасын табуда. Болашақта қазақ және түрік әдебиеттерінің өзара ықпалдастығын тереңдетіп зерттеу – түркология мен салыстырмалы әдебиеттану салаларының маңызды міндеті болмақ. Екі елдің әдеби байланысын зерттеу арқылы бүкіл түркі әлемінің ортақ

рухани кеңістігін танып-білуге жол ашылады. Қазақ-түрік әдеби байланысы – ұлттар достығының, мәдени тұтастықтың жарқын айғағы ретінде мәңгі жасай бермек.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Түркі әлемінде «Мағжан Жұмабаев жылы» жарияланды [Электронды ресурс]. – Қатынау режимі: https://adebiportal.kz/kz/news/view/turki-aleminde-magzan-zumabaev-zyly-zariialandy__19813

2 **Әрікқарақызы, Е. Ш.** Әлем және қазақ әдебиеті байланысы (қазақ және түрік халықтары ертегілері негізінде) [Мәтін] // «Scientific Results» 1-ші Халықаралық ғылыми конференциясының еңбектері. – 2022. – Рим – 221–226-бб.

3 **Саметова, Ж. Ш.** Қазақ және түрік балалар әдебиеті шығармаларының ұқсастығы мен айырмашылықтары [Мәтін]. «Керуен» ғылыми журналы. – 2023. – № 3(80-том). – 106–116-бб.

4 **Жиенбаев, Е., Хилкеева, Д.** Түрік қаламгері Мемдух Шевкет Эсендалдың «Чамур Ахметтің мәселесі» атты повесінің поэтикасы [Мәтін]. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы – №1(134). – 2021. – 16–23-бб.

5 **Атам, Р. И., Хамитова, А. Б., Бекмұханбетова, М.** Түрік және қазақ әдебиетіндегі модернизм: тақырыптық ұқсастық және оқыту әдістемесі [Мәтін]. Филологиялық ғылымдар бойынша халықаралық зерттеулер журналы – № 2 – 2024. – 64–72-бб.

6 **Иванов, Г.** «Советско-турецкие литературные связи были установлены более полувека тому назад» [Мәтін] // Россия – Исламский мир порталы. («Советско-турецкие литературные связи были установлены более полувека тому назад», – Геннадий Иванов – Группа стратегического видения «Россия – Исламский мир»)

7 **Абдыханов, У. К., Тагарова, Т. Г.** Связь литератур турецкой и других народов Казахстана и этапы их развития [Мәтін]. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2011. – № 2(132). – 233–238-бб.

8 **Akkaliyeva, A., Zhumay, N., Amalbekova, M., Tazhibayeva, S., & Nurpeissova, D.** Searching for Equivalence in Indirect Literary Translation : A Case Study of Translations of the Kazakh Novels «Aq boz Yui» by S. Yelubay and «The Man-deer» by O. Bokeev [Text] // Interdisciplinary Literary Studies. – 2021. – 23. – P. 253–266. – <https://doi.org/10.5325/INTELITESTUD.23.2.0253>.

9 **Mashakova, A.** Perception of the works of abai kunanbayev in foreign eastern countries [Text]. Keruen. – 2023 – <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-06>.

10 Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық [Мәтін] // Генеральное консульство РК в Стамбуле. – 2023. (Культурно-гуманитарное сотрудничество).

References

1 Turki äleminde «Mağjan Jūmabaev jyly» žariialandy [Mağjan Zhumabayev Year Declared in the Turkic World]. [Text] [Elektronic resource]. Qatynau režimi : https://adebiportal.kz/kz/news/view/turki-aleminde-magzan-zumabaev-zyly-zariialandy_19813

2 Ärikqaraqzy, E. Š. Älem jäne qazaq ädebieti bajlanysy (qazaq jäne türk halyqtary ertegileri negizinde) [Connection Between World and Kazakh Literature (Based on Fairy Tales of Kazakh and Turkish Peoples)] [Text] // «Scientific Results» 1-ši Khalyqaralyq ğylymi konferenciiasynyñ ehbakteri. – 2022. – Rim. – P. 221–226.

3 Sametova, Ž. Š. Qazaq jäne türk balalar ädebieti šygarmalarynyñ ũqsastyğy men ajyrmašylyqtary [Similarities and Differences in Kazakh and Turkish Children's Literature] [Text]. «Keruen» ğylymi jurnalı. – 2023. – № 3(80-tom). – P. 106–116.

4 Žienbaev, E., Hilkeeva, D. Türk qalamgeri Memduh Ševket Esendal-dyñ «Čamur Ahmetiñ mäselesi» aty poveseiniñ poetikasy [Poetics of the Story «The Problem of Chamur Ahmet» by Turkish Writer Memduh Sevkett Esendal] [Text]. L. N. Gumilev atyndağy Ewraziaa ũlttyq universitetiniñ habaršysy. Filologiaa seriiasy – №1(134). – 2021. – 16–23 pp.

5 Atam, R. I., Khamitova, A. B., Bekmühanbetova, M. Türk jäne qazaq ädebietindegi modernizm: taqyryptyq ũqsastyq jäne oqytu ädistemesi [Modernism in Turkish and Kazakh Literature: Thematic Similarity and Teaching Methodology] [Text]. Filologialyq ğylymdar boiynša khalyqaralyq zertteuler jurnalı – № 2 – 2024. – P. 64–72.

6 Ivanov, G. «Sovetsko-tureckie literaturnye sviazi byli ustanovleny bolee poluveka tomu nazad» [“Soviet-Turkish Literary Ties Were Established More Than Half a Century Ago,” Gennady Ivanov – Group of Strategic Vision «Russia – Islamic World»] [Text] // Rossiia – Islamskii mir portaly.

7 Abdykhanov, U. K., Tagarova, T. G. Sviaz literatur tureckoi i drugikh narodov Kazakhstana i etapy ikh razvitiia [The Connection Between Turkish and Other Ethnic Literatures in Kazakhstan and Stages of Their Development] [Text]. QazU habaršysy. Filologiaa seriiasy. – 2011. – №2(132). – P. 233–238.

8 Akkaliyeva, A., Zhumay, N., Amalbekova, M., Tazhibayeva, S., & Nurpeissova, D. Searching for Equivalence in Indirect Literary Translation : A Case Study of Translations of the Kazakh Novels «Aq boz Yui» by S. Yelubay

and «The Man-deer» by O. Bokeev [Text] // Interdisciplinary Literary Studies. – 2021. – 23. – P. 253–266. – <https://doi.org/10.5325/INTELITESTUD.23.2.0253>.

9 **Mashakova, A.** Perception of the works of abai kunanbayev in foreign eastern countries [Text]. Keruen. – 2023 – <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.3-06>.

10 Mädeni-gumanitarlyq yntymaqtastyq [Cultural and Humanitarian Cooperation] [Text] // General'noe konsul'stvo RK v Stambule. – 2023.

25.04.25 ж. баспаға түсті.

14.05.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

К. Р. Кеменгер¹, *А. Жұмабекқызы²

^{1,2}Евразийский национальный

университет имени Л. Н. Гумилева,

Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 25.04.25.

Поступило с исправлениями 14.05.25.

Принято в печать 25.11.25.

КАЗАХСКО-ТУРЕЦКИЕ ЛИТЕРАТУРНЫЕ СВЯЗИ: ГЕНЕТИЧЕСКАЯ, ТИПОЛОГИЧЕСКАЯ И ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ

Казахско-турецкие литературные связи являются важным проявлением духовной общности тюркских народов. Современное осмысление и популяризация общего литературного наследия способствуют возрождению культурной памяти двух народов. Это литературное взаимодействие позволяет всесторонне проанализировать художественное наследие тюркских народов и содействует расширению общего духовного пространства.

В статье всесторонне анализируются историческое взаимодействие казахской и турецкой литературы, сходство литературных направлений (реализм, модернизм и др.), созвучие в творчестве писателей и современное литературное сотрудничество. В исследовании применены историко-сравнительный и типологический методы анализа, выявлены общие мотивы в литературном развитии двух народов. Особенно отмечается, что в модернистских произведениях XX века авторы обеих стран, отойдя от традиционных форм, похожим образом стремились глубоко отобразить внутренний

мир героев. Также рассматриваются литературные связи советского периода (переводы, антологии) и современные взаимодействия в сфере перевода, издательского дела и совместных культурных проектов в годы независимости. В результате исследования приходим к выводу, что казахско-турецкие литературные связи непрерывно развиваются и взаимообогащаются. Исследования в данном направлении позволяют глубже понять литературные, культурные и исторические связи между тюркоязычными странами.

Ключевые слова: казахская литература, турецкая литература, литературные связи, тематические сходства, перевод, литературное взаимодействие.

K. R. Kemengger¹, *A. Zhumabekkyzy²

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 25.04.25.

Received in revised form 14.05.25.

Accepted for publication 25.11.25.

KAZAKH-TURKISH LITERARY RELATIONS: GENETIC, TYPOLOGICAL AND ARTISTIC CONTINUITY

Kazakh-Turkish literary relations represent an important manifestation of the spiritual unity of Turkic peoples. A renewed interpretation and promotion of the shared literary heritage contribute to the revival of the cultural memory of both nations. This literary interaction enables a comprehensive analysis of the artistic legacy of Turkic peoples and fosters the expansion of a common spiritual space.

This article provides a comprehensive analysis of the historical interactions between Kazakh and Turkish literatures, the similarities in literary movements (realism, modernism, etc.), the resonances in writers' works, and contemporary literary collaborations. The study applies historical-comparative and typological methods to identify common motifs in the literary development of the two nations. Notably, in the modernist works of the 20th century, authors of both countries, having departed from traditional forms, similarly endeavored to deeply portray the inner world of characters. The article also examines literary ties during the Soviet period (translations, anthologies) and current interactions in translation, publishing, and joint cultural projects since independence. The results demonstrate that Kazakh-Turkish literary connections have

been continuously developing and mutually enriching each other. Research in this field provides a deeper understanding of the literary, cultural, and historical ties among Turkic-speaking countries.

Keywords: Kazakh literature, Turkish literature, literary connections, thematic parallels, translation, literary collaboration.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz